

ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨТКІРЛІК

Өмірзақ Әмір Рашиұлы

amir061507@gmail.com

«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, г.ғ.м., сеньор-лектор– Исмурина Г.Б..

Шерхан Мұртаза – қазақ халқының белгілі қаламгері. Қазақ журналистикасында қоғам шындығын бүкпесіз айтып, әлеуметтік мәселелерді батыл көтерген тұлғалардың бірі және бірегейі. Оның публицистік шығармашылығы ұлт тағдыры мен болашағының, жарқын айнасы болатын. Ол ұлт тағдыры үшін еңбек еткен, сол мұрат-мақсаттан таймаған публицист десек те артық емес. Ол өз өмірін осы бағытқа арнап, ұлттың атынан сөйлейтін, мұнын жырлайтын, саяси одан қалды әлеуметтік теңсіздікті айқын жеткізе алатын қаламгерлердің бірі атанған. Сондықтан болар оның қаламынан туған кез-келген туындыны оқырман ыждаһатпен қабылдап, сүйсіне оқиды. Өйткені, ол қай жанрда жазса да барлығын дерлік өзіндік қалыптасқан дара стильмен, көркем шұрайлы тілмен жазатын. Өз уақытында мұндай өткірлікпен халықтың назарына түсіп, жақсы жағынан көрініп халықтың айнасындай болған. Ал оның публицистикасының пәрменділігіне Ш.Елеуқенов былай деп баға береді: «Ш.Мұртаза қаламынан туған дүниелер – осы заманғы публицистиканың жоғарғы үлгісіндегі ерекше өтімді, дәлелді, өмір шындығын дөп басатын, алдына қойылған проблемаларды үлкен жауапкершілікпен, терең талдау жолымен көтере білетін, көп кеселді кінәраттарға кінәлілерді бетің бар, жүзің бар демей осып айтатын, ойға бай, сөзге шешен саралы көсемсөз»-деген еді. Мұндай бағалауға ие болуы оның публицистикасындағы тақырыптардың өзектілігі және ондағы заман мен қоғамдағы ащы шындықтар көтерілуі. Жазу стиліндегі шеберлік пен көркемдік-редакторлық қызметіндегі талант танығыштығы, тікелей осы тоқырау жылдарында баспасөздегі сын мәселесін көтеріп және қолдау көрсеткен, батылдыққа толы басшылығы, шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің бір-бірімен үйлесімділікте болуының арқасында. Әсіресе, оның әлеуметтік өткірлікке құрылған публицистикасы қоғамдағы қайшылықтарды айқындап, әділет іздеуге үндейтін.

Шерхан ағамыз 1956 жылы күз айынан бастап «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа кіріседі. Жастар редакциясында алғашқы кезде Мәскеуден келген ТАСС хабарларын орысшадан қазақшаға аударып, аудармашы болып жүреді. «Лениншіл жас» газеті беттерінде «Ихсан ханым», «Білеміз», «Москва Октябрь күндерінде», «Ғажап күзетші» т.б. аудармаларды жариялап, өзінің еңбекқор, ширақ екенін байқатады. Ал жазушымыздың қабілет қарымының ашылуына бірден-бір себепкер болған адам талғамды журналист Тельман Жанұзақов еді. Жастар басылымында жүргенде: «Үнемі аудармамен айналыссаң құрисың, кішкентай да болса, өз жазғаныңның жарық көргені жақсы» деген. Журналист Тельман Жанұзақовтың қамқорлық ақылынан кейін, одан-бұдан хабар-ошар, суреттеме, корреспонденция, мақала, очерк жазуға бейімделе бастады.

Яғни ұлы публицисттің өсуіне себепкер осы жан деуге болады. Осындай қамқорлықтан Шераға біраз өседі. Біраз тақырыпқа қол сермеп, өзінің көкей-жарды ойларын ұқыпты жеткізген. Ал оның көп әңгімесі, мақаласы, очерктері көбіне сатиралық тұрғыдан баяндалған. Оның бір көрінісі "Нахал торғайлар"- атты әңгімесі. Мұнда оның публицистикалық өткірлігін, әдепсіз хәм мәнсіз дүниені өзінің зерделігімен аямай суреттеп, сынап, елдегі жәйді біраз әшкерелеген.

Осындай еңбектерден кейін суреткер Шерхан қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұнын, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірінің қатарынан көрінеді. Осы тұста Мұртазаның

суреткерлік деңгейі де орасан зор екенін тағы да еске алайық. Суреткерлік, шығармашылық талант адам бойына дарыса, сол талантты әрі қарай шыңдау ол жанның өмірлік жолы мен ұстанар әдетіне байланысты болмақ. Белгілі қаламгер Э. Хемингуэй адамның балалық шағының бақытсыз яки мәнсіз болуы және ол көп көрген қиыншылық қаламгер болып қалыптасуға ықпал етіп, қосымша тақырып, тың идея береді дегенді атап айтады. Яғни қиын тағдыр, уақыт өте келе біреуге үлкен жеміс әкелуі мүмкін. Өзіміз білетін, балалар әдебиетінің жарық жұлдызы Б. Соқпақбаев, халық жазушылары С. Мұратбеков, Ш.Мұртаза секілді тау тұлғалардың ғұмыры мен шығармаларының ішінде һәм бойында әсем бейне, әсерлі рух көпірінің бары белгілі. Тарихымызда сонау шақтың, қиын-қыстауды, ауыр өмірді, соғыс зардабын көрген біраз қаламгерлеріміз асыл дүниелерді өмірге әкелді. Олардың қатарында: "Өлгендер қайтып келмейді," "Балалық шаққа саяхат","Жабайы алма"," Жусан исі", "Ай мен Айша" сынды біраз туындылар қаламгерлердің өмір сәтінен алынып, тұтас елдің шынайы бейнесін әшкере етті. Қай бір қазақ жазушыларының еңбектеріне тоқталсақ байқайтынымыз-олар ел өміріндегі, ел тіршілігінде қиын әрі қалың, маңызды сәтте табылып тарихты, мәдениетті, тұтас алғанда керек дүниелерді болашақ ұрпаққа жетеледі, жеткізді. Айтып отырған Шерағаңның суреткерлігі де осы жағдайдың қатарында. Бұл бейнелеуде публицистикалық өткірліктің бір бөлігі болып отыр. Қаламгер де-біз секілді жан, табиғаттың төл жаратындысы. Адам болғаннан кейін суреткердің өң бойы мен өмірінен кемшіліктер және жетістіктер орын алады. Өткір туындысымен танылған, шығармашылықтың Заң тәңіріне жеткен қарапайым Шерхан Мұртаза болып отыр. Осы тұста публицистикалық шынайылықтың шыңына өрмелеген «Асыл жан»-ды тану оңай ақ. Ол қоғамдық ой-өрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетикалық-көркемдік жүйесі – барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырып, қазақ әдебиетінде шынайылық әдісін берік орнықтырды. Ол өзінің туған халқына асқақ сүйіспеншілік сезімін арнап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне көңіл аударған болатын. Осындай "алтын" назарының арқасында тағы да біраз еңбегі, өмірдің ақиқат, тарих іздеген есігін ашқан. Мысалы бұл жерде, "Қызыл жебе"-атты көп томдық романын айтсақ болады. Бұл романында өзінің "Әлеуметтік өткірлігін"-пайдаланып, біраз тарих қопарып, үлкен тұлға Тұрар Рұсқұловтың өмірін, еңбегін баяндап, ұлттың қандай қиындық көргенін ашық баяндады. Міне бұл еңбегін нағыз "Өткірлік " демей немене?. Бұл жерде оның қаламы ешқандай бояусыз, сатирасыз, жасырын әңгімесіз еркін ой тербеген болатын.

Қаламгерлердің қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланып, олардың халық мүддесін түсіне білуі – артықшылық болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы – осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В.Г.Белинский өте қисынды дәлелдеген болатын. Ш.Мұртаза өз шығармаларында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Яғни шығармаларының өрбуі өте көркем. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен, оқырманның да Шерағаңның шығармаларына әуестігі, зейіні өте жоғары. Қазіргі сәтте де публицистіміздің шығармалары оқырманның көз қуанышына айналып, көпшілік қауымның асыға күтіп, ынтық сезіммен оқыр туындысына айналды. Әсіресе, Ш.Мұртазаның "Қызыл жебе", "Бұлтсыз күнгі найзағай", "Интернат наны", "Шекшек шырылдайды" секілді шығармаларында да сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи уақиғалар мен мол өмір шындығы жатыр. Тоқетерін айтқанда, тақырыптың басты атауы шынайылық пен өткірлік болса, бұл атаулар рухани бай, әлеуметтік тақырыптарды өзінің әңгімеленіне айналдырған Шерхан Мұртазаның өзіне тән болатын.

Иә өмірдің өткір тұсын, тарихи ауыр жағдайларды баяндау, жазу, ой сермеу қуаныштан туындамайтыны анық-ақ. Мұның бәрі жанның қиналуы, елге аяныш, тарихи құндылықты ұлықтап жеткізуден басталады. Ал мұның барлығын әшкерелеу осындай ұлы тұлғалардың, елге көңілі ауғандығынан болып отыр. Суреткердің заман соққысына мойымайтын, қайта өмір ауыртпалығы ширата түсетін тасқындаған қайрат-жігері бар

адамды көксеуі де осы келешекке сенім артуымен сабақтас қой. Осыны былай қойғанда, Шерхан шығармаларының салмағы тек қана мұнысында емес. Өйткені жазушының нені жек көретіні, нені жоққа шығаратыны қандай айқын болса, нені құптайтыны, қандай өнеге өріс алсын дейтіні де соншалықты ашық, айқын-ақ. Осының шығарушысы, айтушысы өмірдің қызығын тебірене сезінбейді деудің өзі тіпті қиянат. Жоғары да айтқанымдай, жаны кейісе де, күйінсе де, көңілді үміт қозғап, алыс арман толқытып, содан барып шығарма тудыратыны жасырын жайт емес. Ш. Мұртазаның осындай туындыларының бағытын, идеялық өзгешелік сырын тереңірек түсіну үшін оның еңбегін былай жазу аздық етпек. Түсінікті айтсақ жан сырын, түсініп, ұғынғыңыз келсе жазушының еңбектеріне көз жүгіртіп, таза көңілді арнағаныңыз абзал.

Шерхан Мұртаза жалпы еңбектерінде елдің өзекті де маңызды мәселесін, қиыншылықтарын көтеруінің өзі қандай үлкен ғанибет! Және жазушымыз өзінің еңбегі арқылы да біраз көтерілді. Елдің саясатына да араласты. Сол тұста тұтас бір халықтың, ұлттың атынан сөз айта алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлғалардың, қаламы қарымды қаламгерлердің, публицистердің бірі де болды. Бұл дегеніңіз құр еңбек етпей, елдің сөзін сөйлеп, жан-сырын түсіну ғой. Өмірінің соңғы жылдарында да қалам сермеп, жарық көрген «Елім саған айтам, елбасы сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002) атты мақалалары, публицистикалық толғамдары мен эсселері де қазақ көңілінде біраз самғары анық. Яғни бұл еңбектерін де бағалап, оқып, осындай тұста атап өтуге тиіспіз және міндеттіміз.

Мақаламызды қорыта келе: Елінің "Өз ағасы-Шерхан Мұртаза"-ның еңбегі орасан зор. Қандай өткір дүние жазды десе, жауапта бар. Оның еңбегі, ұрпаққа таусылмас тарих һәм азық болмақ. Хан тәңіріндей, қаламын биік сермеп, Әлемдегі терең теңіздей-терең ойлап, Туған жерінің салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихи жадын ұлықтаған асылдың тұяғы болды! -деп жауап қайтаратынымыз анық. Ендігі сәтте ұлы ойшыл - жазушыларымыздың еңбегін оқу, ұғыну, дәріптеу біздің ел алдындағы парызымыз. Ал өткір, әлеуметтік маңызы бар Шерағанның публицистикасы осылай еркін самғаған. Әлі де самғай бермек..!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bilim-al.kz "Шерхан Мұртаза публицистика көрнектілігі" 2023.
2. Stan.kz "Баспасөздің баһадүрі Шерхан Мұртазаның өмірбаяны" 2018
3. Madeniportal.kz "Шерхан Мұртаза шығармашылығы" 2021.
4. Oinet.kz "Шерхан Мұртаза – публицистиканың заңғар шыңы" 2022.